

**Момынай жалпы білім беретін мектебінің арнайы педогогтың 2023-2024  
оқу жылында атқарылған жұмыстар талдауы**

**Мақсаты:**

1. Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларға уақытылы көмек көрсету.
2. Оқушылардың дүниетанымдық деңгейін байыту, қоршаған орта құбылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.
3. Көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы жайында ата-аналармен байланыста болу.

**Міндеті:**

1. Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзету.  
жөніндегі шешімдерді жас ерекшелігіне байланысты қолдану.
2. Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларға ерте коррекциялық көмек көрсету.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Психофизиологиялық мүмкіндігі дамиды.
2. Оқудағы қиындықтары жойылады, өз ойларын жеткізе алады.
3. Әлеуметтік – адамгершілік қасиеттері дамиды, жағымды мінез-құлық қалыптасады. Өмірге күштарлығы артады.

Бұл балалар үшін білім мазмұнын дидактикалық ойындар, түрлі көрнекі құралдар арқылы қалыптастыру өте маңызды болып саналады. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да ойын әрекеті болып саналады.

Әкімшілік тарапынан педагог-дефектологтың жұмысын мектеп директоры және тәрбие ісінің меңгерушісі қадағалап отырады. Түзету-дамыту блогынан мектеп психологі мен әлеуметтік педагогтың көмектері көрсетіліп отырады.



Момынай жалпы орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының басында 6 түзету-дамыту сыныптары педагогикалық-медициналық-психологиялық консилиумның қорытындысымен ашылды. Соның ішінде 1А, 1Ә, 2А, 3А, 4А, 5Ә сыныптар арасында:

**1 «а» - сыныбы**

1. Адасхан Медет
2. Балтабай Асылай
3. Валихан Нұрдаулет
4. Жарқынбай Жантас
5. Тұрдыбек Жарас

**1 «ә» - сыныбы**

1. Сәуірбай Ерқанат
2. Тұрар Дарын

**2 «а» - сыныбы**

1. Тастемір Назар
2. Құттыбай Фатима
3. Қалжан Елдос
4. Қалжан Нұрдос

**3 «а» - сыныбы**

1. Райсбек Асия
2. Зәкір Толқын

**4 «а» - сыныбы**

1. Жақсылық Айжан

**6 «ә» - сыныбы**

1. Ережеп Қайырбек

Осы түзету – дамыту сыныптарына жылдық жоспар бекітіліп, сол жоспарға сәйкес оқушылармен жұмыстар жүргізілді

1 «а» - сыныбында және 1 «ә» - сыныбында аптасына 3 рет сабақ өтілді,



4 «а» - сыныбында аптасына 1 рет сабақ өтілді. Оқушыларға түзету жұмыстары жүргізіліп, ойын тапсырмалар, дидактикалық ойындар, жаттығулар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттері, саусақ жаттығулары арқылы ұсақ қол моторикасы дамып оқу әрекетінде сабаққа қызығушылығын арттыру жұмыстары жасалды. Оқушылардың жеке ерекшеліктеріне және оның дамуын анықтау арқылы қолайлы жағдай қалыптастырылды.

Психикалық дамуы баяу балалармен жұмыс барысында білім беру және тіл дамыту, қандай дыбыстарды дұрыс дыбыстай алмайтынын тексере отырып, оқушылармен мынандай жұмыстар жасалды: артикуляциялық жаттығулар, дыбыстарға байланысты тақпақтар жаттатқызылды. Өмірге бейім болу үшін түстерді айыра білу, жыл мезгілдерін, оң мен солды, өз мекен-жайын, ата-анасының қайда жұмыс істейтінін, таза мен ласты айыра білу үйретілді.

Бұл оқушылардың деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді. Суреттермен жұмыс, логикалық тапсырмалар берілді. Логикалық ойлауын дамыту мақсатында оқушыларға «Артық затты тап», « Суретшінің қатесін тап», «Бөліктен суретті жина» т.б тапсырмалар беріліп отырды. Бұл оқушыларға деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді.

2023-2024ж оқу аралығындағы мектепшілік білім алатын оқушылармен 1 және 6 сыныптар аралығындағы жылдық жұмыс жоспары бекітілді және жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілді. Барлық сөйлеу компоненттерін тереңдетіп логопедиялық тексеру нәтижелері негізінде логопедтік сабақтарға 15 бала қабылданды. Қойылған диагноздары бойынша әр баламен жеке дамыту сабақтары өтілді. Мектеп оқушыларының сабағының ұзақтығы – 25–30 минут. Мектеп оқушыларымен логопедтік пункттегі жеке сабақ сөйлеу тілінде кемістігі бар 1 және 6 сыныптар аралығындағы балалармен жүргізіледі.

Диагностика қортындысы бойынша 1-6 сыныптар арасында тұтықпа, дислалия, фонетико-фонематикалық бұзылуы, ажыратуы, сөйлеу тілінің жалпы



жетілмеуі ( 2-3 деңгейлі ) бар оқушылар анықталды. Барлық түзете-дамыту сабақтары, дыбыстарды қою және машықтандыру, фонематикалық естуді дамыту, сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық құрылымын және т.б. қалыптастыру бойынша балалармен жеке жұмыс, арнайы педагогтың жұмыс жоспарына сәйкес жеке дамыту бағдарламасы бойынша өтілді.Түзете-дамыту сабағы әр оқушымен аптасына 2 рет жеке дамыту бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Жалпы сыныптарда келесі тізім бойынша түзету жұмыстары жүргізіледі.

Олар:

1. Балтабай Асылай
2. Сәуірбай Ерқанат
3. Тастемір Назар
4. Құттыбай Фатима
5. Қалжан Елдос
6. Қалжан Нұрдос
7. Жақсылық Айжан
8. Райсбек Асия
9. Ережеп Қайырбек
- 10.Валихан Нұрдаулет

Осы оқушыларға жұмыс жоспары бекітіліп, сол жоспарға сәйкес мынадай жұмыстар жүргізілуде:

1. Тірек-қимыл қозғалысының дамуы:
  - ұсақ моторикасын дамыту;
  - артикуляциялық моторикасын дамыту.
2. Психикалық дамуы:



- көру арқылы қабылдауының дамуы;
  - көру арқылы есте сақтауының дамуы,
  - заттардың жеке қасиеттерінің қалыптасуы;
  - кеңістікті бағдарлауының дамуы;
  - уақыт мөлшерінің дамуы;
  - есту арқылы есте сақтауының дамуы.
3. Негізгі ойлау операцияларының дамуы:
- жалпы көрнекіліктер арқылы ойлауының дамуы;
  - логикалық ойлауының дамуы.
4. Эмоциялық сферасының дамуы:
- бетке арналған жаттығулар;
  - рөлге бөліп оқуының дамуы.
5. Тілінде бұзылысы бар балалардың тілінің даму деңгейі:
- «р» дыбысын түзетуге арналған тіл жаттығулары
  - «р» дыбысын түзетуге арналған ойындар

Психикалық дамуы баяу балалармен жұмыс барысында білім беру және тіл дамыту, қандай дыбыстарды дұрыс дыбыстай алмайтынын тексере отырып, оқушылармен мынандай жұмыстар жасалды: артикуляциялық жаттығулар, дыбыстарға байланысты тақпақтар жаттатқызылды. Өмірге бейім болу үшін түстерді айыра білу, жыл мезгілдерін, оң мен солды, өз мекен-жайын, ата-анасының қайда жұмыс істейтінін, таза мен ласты айыра білу үйретілді. Бұл оқушылардың деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді. Суреттермен жұмыс, логикалық тапсырмалар берілді. Логикалық ойлауын дамыту



мақсатында оқушыларға «Артық затты тап», « Суретшінің қатесін тап», «Бөліктен суретті жина» т.б тапсырмалар беріліп отырды. Бұл оқушыларға деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді.




Түзету-дамыту сыныптарында, 2 «а» - сыныбында және 4 «а» - сыныбында аптасына 3 рет сабақ өтілді, 6 «ә» - сыныбында аптасына 1 рет сабақ өтілді. Оқушыларға түзету жұмыстары жүргізіліп, ойын тапсырмалар, дидактикалық ойындар, жаттығулар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттері, саусақ жаттығулары арқылы ұсақ қол моторикасы дамып оқу әрекетінде сабаққа қызығушылығын арттыру жұмыстары жасалды. Оқушылардың жеке ерекшеліктеріне және оның дамуын анықтау арқылы қолайлы жағдай қалыптастырылды.







Әр ата-анаға педагог-дефектологтың сабақ өту бағдарламасы түсіндірілді. Жұмыс барысында ата-аналармен, пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілер және психологтармен тығыз байланыс жасалды.



Логопедтің кеңес берушілік қызметінің негізгі міндеті балалар мен үлкендердің арнайы жаттығулар жасап, жаңа сөйлеу дағдыларын бекітуге, сонымен қатар оларды белсенді қолданысқа енгізуге ынталандыратын бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады. Аталған жұмыс түрі балалар үшін толыққанды сөйлеу ортасын қалыптастырудан және олардың сөйлеу тілін белсендіруден тұрады. Логопедтік сабақтарда алынған сөйлеу дағдыларын тиімді бекіту ісін логопед үй тапсырмаларының жүйелі орындалғандығын қадағалайтын баланың жеке дәптерінің көмегімен ұйымдастырады.





Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзету арқылы қолдау, сол балалардың дамып-жетілуіне көмектесіп, жан-жақты қолдау жасай отырып, ішкі әлеуметтің қалыптасуына жағдай жасап және дамуына кедергі жасаушы ауытқуларды жеңуге көмектесудемін. Сезіну дамуын зерттеп оқушылардың деңгейін анықтап, көру қабылдауын, сезіну моторикасын, кеңістікте тұспалдауын, әлеуметтік – тұрмыстық тұспалдауды дамыту ең маңызды жұмыс болып табылады. Сондықтан баланың дамуына ата-ана тарапынан берілетін көмек пен қолдауды, баланың оқыту жағдайын жақсарту басты болашақ жұмыстарымыздың бірі деп есептеймін.

**Ұсыныс:** Жалпы білім беретін мектепте түзете-дамыту сыныптарын көптеп ашу, мұғалімдер мен ата-аналар арасында түсіндіру шараларын жүргізу. Түзете-дамыту жұмыстары және оның мақсаттары жайлы бастауыш сынып мұғалімдері және ата-аналармен бірлескен жиналыс өткізу. Түзете-дамыту жұмысын қажет ететін оқушыларға тұрақты мониторинг жұмыстарын жүргізу.